

«Үшқатты мектеп-бөбекжай-балабақша кешені» КММ

Анықтама

Кезеңі: 02.06.2025 – 13.06.2025

Алаң атауы: «Күншуақ» жазғы демалыс алаңы

Жауаптылар: Қонырова Д.Н, Қайыржанов Д.А, Жұмабаев С.П

Жетекшісі: Жұмабаев С.П

2025 жылдың 2-13 маусым аралығында мектебіміз жанынан ұйымдастырылған «Күншуақ» жазғы демалыс алаңы өз жұмысын жүйелі түрде өткізіп, екі апта бойы оқушыларға жарқын көңіл-күй мен пайдалы білім сыйлады. Алаң жұмысы арнайы бекітілген тақырыптық жоспар негізінде, тәрбиенің 7 бағытын қамти отырып жүргізілді.

Алаңның басты мақсаты – балалардың жазғы демалысын қызықты әрі тиімді өткізуге мүмкіндік жасау, қауіпсіз ортада рухани, шығармашылық, интеллектуалдық және физикалық дамуына жағдай жасау болды. Осы орайда күнделікті таңертеңгілік жаттығудан бастап, түрлі бағыттағы мазмұнды шаралар жүйелі түрде өткізілді.

☐ Күндер мазмұны мен бағыттары бойынша жұмыстың сипаттамасы:

☐ 02 маусым – Ашылу салтанаты, “Біз бақытты баламыз” мерекелік концерт.

Балалар мен ата-аналарға арналған думанды кеш ұйымдастырылып, лагерьдің ережелері, мақсат-міндеттері таныстырылды.

☐ 03 маусым – “Отбасы – бақыт мекені” (рухани-адамгершілік және отбасылық бағыт).

Балалар ата-аналарымен бірге “Анам, әкем және мен – шығармашыл отбасы” көрмесіне қатысып, бірлескен туындыларын таныстырды.

☐ 04 маусым – “Жас зерттеушілер күні” (экологиялық бағыт).

Экологиялық серуен, табиғат туралы бейнероликтер көрсету, қоқыс сұрыптау, табиғатты аялауға бағытталған ойындар өткізілді.

□ 05 маусым – “Менің елім – Қазақстан” (патриоттық бағыт).

Ту, Елтаңба, Әнұран туралы танымдық ақпараттар беріліп, патриоттық әндер шырқалды. “Мен – елімнің болашағымын!” эссе байқауы өтті.

□ 06 маусым – “Достық сыйы” (рухани-адамгершілік бағыт).

“Шынайы дос қандай болу керек?” атты пікірталас, шығармашылық арнау жазу, достық ойындары ұйымдастырылды.

□ 09 маусым – “Білімділер алаңы” (интеллектуалдық бағыт).

Зияткерлік ойындар, топаралық турнирлер, логикалық тапсырмалар, “Ойлан – тап” сайыстары өтті.

□ 10 маусым – “Менің таңдауым – менің болашағым” (кәсіби бағдар күні).

Өртүрлі мамандық иелерімен таныстыру, “Мен кім болғым келеді?” сұхбаттары, сурет көрмесі ұйымдастырылды.

□ 11 маусым – “Өнерлі өрге жүзер” (эстетикалық бағыт).

Балалар ән айтты, би биледі, өлең оқыды, қолөнер жұмыстарын жасады. “Шығармашылық бұрыш” ашылып, балалар қиялын еркін көрсетті.

□ 12 маусым – “Спорт – денсаулық кепілі” (спорттық бағыт).

Қозғалмалы ойындар, эстафеталар, шағын футбол, арқан тарту сынды жарыстар балалардың ұйымшылдығы мен белсенділігін арттырды.

□ 13 маусым – Қорытынды кеш.

“Күншуақ – 2025” мерекелік жабылу салтанаты ұйымдастырылып, белсенді қатысқан оқушыларға алғыс хаттар, дипломдар табысталды. Балалар өз әсерлерін айтып, жазғы демалысты керемет көңілмен аяқтады.


✓ Қорытынды:

«Күншуақ» жазғы демалыс алаңының жұмысы жүйелі ұйымдастырылып, оқушылардың белсенді қатысуымен жоғары деңгейде өтті. Барлық өткізілген іс-шаралар тәрбиелік мәнге толы, мазмұнды, қызықты әрі қауіпсіз жағдайда өтті. Алаң барысында:

- Балалар достасып, ұйымшылдыққа үйренді;
- Шығармашылық, зияткерлік, спорттық қабілеттерін шыңдады;
- Тәрбие бағыттары аясында өз бойларындағы жақсы қасиеттерін көрсете білді;
- Бос уақыттарын тиімді, пайдалы, жағымды өткізді.


Жазғы алаң балалар үшін – қуаныш, білім мен достық алаңына айналды.


Жауаптылар:

 Жумабаев С.П

 Қайыржанов Д.А

 Коныров Ж.С

 Конырова Д.Н

 Болатов Ұ.М